АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ЦИФРОВЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

№
Ақтөбе қаласы

город Актобе

2025 жылғы «7» сәуір **№ 114-нқ**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII ҚРЗ Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 5-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 5 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының ақпараттық-коммуникациялық жүйелеріне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі пилоттық жоба шеңберінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғаларды айқындау туралы» № 1078 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. **«Starlink» спутниктік технологияларын қолдана отырып, Ақтөбе облысының орта білім беру ұйымдарының (мектептерінің) ақпараттық-коммуникациялық жүйелеріне (интернет) кең жолақты қол жеткізу қызметтері»** бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 41) тармақшасына сәйкес *(Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: ... Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі (тапсырмасы) бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тұлғадан Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жалпыелдік маңызы бар аса маңызды объектілер мен жобаларды іске асыруға бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу)* тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты деректерді басқару бөлімінің бас маманы Жансая Нурлыбаевна Сенгирбаевамен:

1) Заңның 6-бабына сәйкес, көзделген мемлекеттік сатып алу процестерінің қағидаларын сақтай отырып, Өнім беруші айқындалсын;

2) Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасы жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

000807

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **Ә.Б. Отарбаев**